

Е.Д.Орынбасарова, Е.Т.Ақбаев, Г.К.Мурзатаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: erke.08@mail.ru)*

Инвестицияларды белсендірудегі мемлекеттік жеке серіктестіктің механизмдері

Мақалада мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі тапсырмалары, сондай-ақ Қазақстандағы инвестицияларды басқару жүйесін жетілдіру механизмдерінің басымды бағыттары қарастырылған. Мемлекеттік-жеке серіктестіктердің базалық принциптері көрсетілген. Мемлекеттік-жеке серіктестіктің әлемдік тәжірибесінің қазіргі заманғы экономикаға тиімді жақтары мен болашағына ерекше назар аударылған. ЕЭА-ты құрудың тиімділігіне талдау жасалды.

Кілт сөздер: ЕЭА, инвестициялар, мемлекеттік-жеке серіктестік, ұлттық компания, холдингтік үлгі, мемлекет, кәсіпкерлік, бизнес, экономикалық өсім.

Инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты мемлекеттік емес секторлардың инвестициялық белсенділігін жоғарлатуға, отандық жеке меншік және шетелдік инвестицияларды кәсіпорындарға тартуға, сондай-ақ капиталдық салым тиімділігінің жоғарлауына байланысты әлеуметтік сфералар мен тұрмысқа қажетті маңызды өндірістерге қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламаларға бағытталған қолайлы ортаны қалыптастыру болып табылады.

Мемлекет инвестициялық процестің белсенді қатысушысы болуға тиіс. Экономиканың белгілі бір салаларын мемлекеттің тікелей инвестициялау жеке меншік инвестор салымдарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Осыған байланысты, біріншіден, мемлекет инвестициялық процестің қатысушысы мен бастамасы болса, екінші жағынан, экономикалық-құқықтық қадағалау арқылы мемлекет жеке меншік инвесторлардың мүддесін ескере отырып, оның жүзеге асырылуын қадағалап отырады.

Мемлекеттің жиынтық инвестициялық саясатты жүргізудегі бағыты инвестициялық қызметтің экономикалық механизмін жандандыру мен отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға арналғанын көреміз, бірінші кезекте оған халықаралық нарықта бәсекелестік артықшылықты қалыптастыра алатын өндіріс сегменті мен өндірістің соңғы өнімін дайындап шығару жатады.

2008 жылғы әлемдік дағдарыс көрсеткендей, Қазақстанда және басқа да ТМД мемлекеттерінде байқалған интенсивтік экономикалық өсім негізінен қолайлы ішкі экономикалық конъюнктураның уақытша салдары болып табылады [1]. Қол жеткізілген экономикалық өсім қарқынын күшейту үшін қиындықтарға төтеп бере алатын және мықты инвестициялық даму қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша, оңтайлы экономикалық саясат монетаристік теорияға емес, кейнсиандық теория тұжырымдарына сүйенуі қажет. Бұл тұжырымдама екі түрде қарастырылады:

1. Экономикалық өсім қарқынын ойдағыдай қамтамасыз ету үшін тұтынушылық және инвестициялық ұсыныстың белгілі бір деңгейін ұстану қажет, бұл қызмет мемлекеттің бюджеттік қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

2. Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудегі негізгі қиындықтар инвестицияның тұрақсыздығынан туындайды [2].

Инвестиция мөлшері ставкаға кері пропорционал болса, тиімділік шегіне тура пропорционал. Егер инвестицияның тиімділік шегі жоғары болса, онда пайыздық ставкалардың өскеніне қарамастан, инвестициялар өседі, ал егер де инвестицияның тиімділік шегі төмен болса, онда пайыздық ставканың төмендегеніне қарамастан, олардың көлемі азаяды. Сондықтан да пайыздық ставкамен амалдар жасау және ақшалай ұсыныс (ақша-несие саясатының құралдары) инвестиция көлемінің жоғарғы деңгейін ұстап тұруға жеткіліксіз болып табылады. Инвестиция көлемі азайған сайын, мемлекеттің инвестор ретіндегі рөлі арта түседі. Сондықтан да экономиканы реформалаудың либералдық-монетарлық тұжырымдамасының отандық нұсқасы да дәрменсіз, ол қаржылық тұрақтылыққа жету мен экономикадағы мемлекет рөлін азайтуға негізделген.

2008 жылғы ғаламдық экономикалық дағдарыс қалыптасқан қаржылық жүйенің құлдырауының нәтижесі болып табылады, оның негізінде үлкен тәуекелдерді қадағалаудың төмен сапада жүргізілгендігі анықталды. Сол кезеңде әлемдік нарықтарда «commodities қашу» деп аталатын үрдіс

(процесс) жүріп жатты: инвесторлар өз қаражаттарын ипотекалық қағаздар мен акцияларға салғылары келмеді, себебі бұл жағдай үлкен тәуекелге бару болып есептелді. Сондықтан нарықтардағы *commodities* деп аталатын ойындарға үлкен қаражаттар салына бастады. *Commodities* — бұл сатып алуға келісім-шарттарды биржалық құралдар құрайтын тауарлар. Олардың көбі биржада жанама түрде сатылады (мысалы, Brent маркалық мұнайы және WTI, бидай, болат және т.б.). Әр түрлі тауарларға келісім-шарт құны да жоғарлайды [3].

Шикізат пен басқа да тауарларға бағаның өсу салдары өндіріс көлемінің артуына әкеліп соқтырды, әсіресе өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық жобаларды ойлап табу көрініс тапты.

Жаңа зауыттарды құруда немесе жаңа өндіріс орындарын зерттеу туралы шешім қабылдайтын кезде компания басшылығы болашақтағы зауыт немесе кеніш өнімінің бағасын болжауға жіті көңіл бөледі. Кейбір тауарлар мен шикізаттарға бағаның күрт өсуі, көп инвесторларды бағаның жоғарғы деңгейінің сақталуына, баяу тербелістермен ғана айқындалып, ешқандай сәтсіздіктердің болмайтынына сендірді.

Тауарларға баға мен сұраныстың төмендеуі көптеген әрекет етіп жатқан жобалардың пайдасыздығын көрсетті. Мұндай құрылыстарға салынған қаражаттар мен жаңа өндіріс орындарын игеру қиындыққа әкеліп соқтырды. Бұл өз кезегінде компанияның өнімдеріне бағаның төмендеуінен, акцияларға баға белгілеуден, несиелерді қайта қаржыландырудан және т.б. туындаған компанияның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізді.

Қазақстанның дағдарыстан шығу мен дағдарыс жағдайларын болдырмау модельдері жылдамдатылған индустриалдық-инновациялық даму саясатына негізделді. 2010 жылдың бірінші қаңтарынан бастап, Қазақстан жылдамдатылған индустриалдық-инновациялық дамудың бес жылдығын бастайды деп мәлімдеді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. «Әлемнің барлық мемлекеттері өткен ғасырдың соңында индустриаландыруды бастан кешірді, Совет Үкіметінде индустриаландыру 30 жылдарда болды — бұл индустриаландыру бізге жарамсыз. Біз инновациялық индустриаландыру жайлы айтамыз», — деді мемлекет Басшысы, сондай-ақ ол мыналарды атап өтті: «Біздегі индустриаландыру қазіргі экономикалық дамумен сәйкес келуі керек, ал бұл мүлдем басқа жағдай. Қазақстанды индустриаландыру үшін біз қазіргі мүмкіншілігімізді барынша пайдалануға тиіспіз» [4].


Тиімділікті арттырудың көптеген экономикалық және әлеуметтік бағыттарының ішінде тиімділігі жоғары шаруашылық пен нарықтық экономика жағдайындағы басым түсетін форманың дамуының негізі болып есптелетін, өндірістің интенсивтік дамуын ынталандыратын ұйымдық-экономикалық қатынастарды құру, ғылыми-техникалық және ұйымдық-шаруашылық жағдайларды іздестіру жатады. Қазақстандағы өндірістің даму тәжірибесі, басқа да мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, дамудың интенсивтік формасына өтудің міндеттелген шарты болып, өндірістік қатынастарды жетілдіру мен өндірістің дамуында ұйымдық-экономикалық факторлардың артықшылықтарын пайдалану болып табылады.

Индустриалдық-инновациялық даму ұзақ мерзімдік әрі тұрақты өсім потенциалын қалыптастыратын, болашақта тұрмыс деңгейін жақсартатын мәселелерді шешу мүмкіндігін, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігіне қол жеткізетін және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазақстандық экономика моделін қалыптастырудың құралы болып табылады.

Осыған байланысты, мемлекеттегі инвестициялық үрдістер бірінші кезекте индустриалдық-инновациялық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл дамуда көптеген жетістіктерге қол жеткізілді: ірі импортты алмастыратын және ғылымды қажет ететін жобалардың жүзеге асуы, мемлекеттің даму институты мен ұлттық компаниялардағы маңызды инвестициялық ресурстарды шоғырландыру, жобаларды аймақтақ дифференциалдау және т.б. Бірақ қалыптасқан индустриалдық-инновациялық даму мен оның әрі қарай даму механизмін қамтамасыз ететін инвестициялық жүйе көптеген шешілмеген мәселелерге байланысты түзетулер енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты индустриалдық-инновациялық дамуды инвестициялық қамтамасыз етуде қалыптасқан жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, Қазақстандағы инвестицияларды басқару жүйесінің жетілдіру механизмі мен приоритеттік бағыттары айқындалды [5] (1-сур.).

Анықталған басымдылықтарға сәйкес, Қазақстандағы инвестициялық басқару жүйесін жетілдіру үшін инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын мемлекеттік-жеке серіктестігінің (МЖС) механизмін дамыту қажет. Қазіргі кезде экономиканы тиімді басқарудың бірден-бір ажырамас бөлігі болып мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасы табылады. Бұл қатынастардың ерекшелігі,

тәсілдері мен нақты формалары әр түрлі мемлекеттердегі нарықтық қатынастардың өзгеше ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратылады. Соңғы онжылдықта дамыған және дамушы елдер экономикасында мемлекеттік-жеке серіктестік деп аталатын қатынастар байланысы қарқынды даму үстінде деп айтуға болады. Серіктестіктің бұл түрінде қолданылатын сфералардың, механизмдер мен формалардың әр түрлілігі ұзақ мерзімдік бағдарламаларды шешуде серіктестікті әмбебап механизм ретінде көрсетеді. Бұл бағдарламалар экономика мен технологияның әр түрлі сфераларында қолданылады: инфрақұрылымның құрылуы мен дамуынан бастап, жаңа перспективалық технологиялар мен қызметтер түрін өңдеп, бейімделуге дейін.



Ескерту. Авторлар құрастырған.

1-сурет. Қазақстандағы инвестицияларды басқару жүйесін жетілдіру механизмі мен оның басым бағыттары

Қазіргі жағдайда барлық әлем ғаламдық дағдарыс мәселесіне тап болып, соған сәйкес үнемдеуге көшті. Бір жағынан алып қарасақ, қатал бюджеттік шектеулерге байланысты бүкіл әлемде МЖС тақырыбы қозғала басталды. Инфрақұрылым — капиталды өте қажет ететін сала, ешқандай мемлекеттің, аймақтың немесе қаланың жол құрылысын, инженерлік инфрақұрылымды, әлеуметтік

инфрақұрылымды қазіргі экономика талабына сәйкес игеруге бюджеті жетпейді. Қаражаттарды тиімді пайдалану қажет. Қазіргі жағдайда ақшалар экономикадан жоғалған жоқ, тек нарықтағы контрагенттер арасында, әсіресе банктік сфераларда сенімсіздік мәселесі туындады, егер де мемлекет өзінің жобаларына деген сенімділікті арттыратын қадамдар жасайтын болса, инфрақұрылымдық жобаларға жеке меншік қаражаттарды тарту мүмкіндігі туады. Тарихтан мысал келтірсек: Ұлы депрессия кезінде американдықтар жолдар салды, сол кездердегі құрылыстарға мемлекет ақшаны қарызға алды, ол өз кезегінде құлдырап жатқан банктер мен тоқырауға ұшыраған қор нарықтары үшін маңызды баламалы таңдау болып табылды.

Мемлекеттік-жеке серіктестіктің қазіргі әлемдік тәжірибесі МЖС негізінде жобаларды жүзеге асырудың экономикалық тиімділігі мен шынайы перспективаларын қолдайды. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап, «өтпелі экономикасы бар мемлекеттер мен дамушы елдерде және инфрақұрылым сфераларында 2700-ден астам МЖС құрылған» [6].

Британдық қаржылық қызметтер экспорттарын қолдаумен айналысатын Лондонның халықаралық қаржылық қызметінің есеп беруіне сәйкес, МЖС негізделген жобалар қазіргі кезде әлемнің 60 мемлекетінде өңделеді.

«Мемлекеттік-жеке серіктестік» термині (МЖС, Public Private Partnership) 90-жылдардың басында пайда болды. Ол «британдық модельдің» МЖС-не байланысты. 1992 жылы Д.Мейджора үкіметі мемлекеттік меншікті басқарудың модернизацияланған тұжырымдамасын, яғни «меншікті қаржылық бастамасын», жариялады (Private Finance Initiative – PFI). PFI-дың негізгі әрекетін келесілер құрады: мемлекеттік-жеке серіктестіктің келісім-шарт негізінде жеке меншік секторға мемлекет меншігіндегі әлеуметтік-мәдени және өндірістік инфрақұрылым объектілерінің (құрылыс, қайта құрылыс, эксплуатация, басқару және т.б.) қызмет ету функцияларын беру болып табылады. Ұлыбританиядағы мемлекеттік басқару жүйесінің түбегейлі өзгеруі институционалдық ортаның, сондай-ақ мемлекеттік аппараттар мен жеке бизнестің қарым-қатынастарының өзгеруіне алып келді [7].

Әлемнің барлық аймақтарындағы МЖС-тің әр түрлі формаларының интенсивтік дамуын ескере отырып, бұл формалардың қарым-қатынасын қазіргі аралас экономиканың ерекшеліктеріне жатқызуға болады.

Мемлекеттік-жеке серіктестіктің (ағылшын тіліндегі әдебиеттерде — Public Private Partnership, PPP) экономикалық әдебиеттерде бірыңғай анықтамасы жоқ. Сондай-ақ бұл термин басқа формада да қолданыла береді, мысалы, жеке-мемлекеттік серіктестік. Біздің көзқарасым бойынша, қазақстандық экономиканың ерекшеліктерін мен МЖС механизмінің қалыптасуы мен дамуындағы мемлекеттің маңызды рөлін ескере отырып, «мемлекеттік-жеке серіктестік» терминін қолданған дұрыс сияқты [8].

Жалпы МЖС-ті маңызды мәселелерді ұтымды шешетін мемлекет пен жеке бизнестің орташа және ұзақ мерзімдік формаларының қарым-қатынастар жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Оның базалық нышандарына келесілерді жатқызуға болады:

- МЖС-тің тараптарына мемлекет пен жеке бизнес жатады;
- екі жақтың қарым-қатынасы арнайы және заңды негізде бекітіледі;
- екі жақтың әрекеті тепе-теңдік жағдайда жүзеге асырылады;
- МЖС жарияланымды және қоғамдық бағытқа негізделген;
- МЖС негізінде жүзеге асырылатын жобалар үрдісінде екі жақтың ресурстары мен салымдары біріктіріледі;
- қаржылық тәуекелдер мен шығындар, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелер алдын ала айқындалған пропорциялар негізінде екі жаққа бөлінеді [9].

Мемлекеттік-жеке серіктестік формаларының әр түрлілігіне қарамастан, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бөлу қызметі арқылы қарым-қатынастар жүйесінде тепе-теңдік пен серіктестіктің жетістігін қамтамасыз ететін айрықша функциялармен үлестірілген.


Мемлекет жобаның тараптарының бірі бола отырып, МЖС бойынша тікелей емес (басқару мен билік органдары арқылы), мемлекеттік корпорациялар, агенттіктер мен мекемелер арқылы қатысады. Билік органдары берген өкілеттікті ұйымдар сәйкесінше нормативтік актілерді қабылдау жолымен жүзеге асырады. Әрбір серіктес жобаға өз салымын кіргізеді. Бизнес қаржылық ресурстарды, кәсіпқой тәжірибелерді, тиімді басқаруды, шешім қабылдаудағы икемділік пен оперативтілікті, жаңа тауарларға икемделуді қамтамасыз етеді. Мемлекет болса өз қарамағынан меншік иесінің құқықтық өкілеттілігін, салықтық және басқа да жеңілдіктерді, кепілдемелерді, сондай-ақ материалдық және

қаржылық ресурстарды қамтамасыз етеді. МЖС-тің қоғамдық сапалы қызметті пайдалану барысында тұтынушы қызметін атқаратын қоғам ең соңында жеңіске жетеді.

Атап өткендей, МЖС бойынша мемлекет, мемлекеттік корпорациялар, агенттіктер, мекемелер және т.б. арқылы әрекет етеді, сонымен қатар Қазақстанда МЖС дамуының формасы ретінде ірі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) формасын бірден енгізе бастады. Ұйымдық-құқықтық форма бойынша ӘКК коммерциялық емес корпорациялар түрінде құрылады, бірақ аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын инвестициялау мен табыстарды есептеп шығару сияқты мәселелерді шешуге атсалысады. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың коммерциялық корпорациялардан айырмашылығы — алған табысты сол аймақтың әлеуметтік жобаларына қайта инвестициялау. Сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік ретінде әлеуметтік жобаларға табыстарды инвестициялау ғана емес, бәсекеге қабілетті бизнесті құру мен жүргізу, тиімсіз кәсіпорын базасы негізінде жаңа өндірістерді құру, мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жатады. Бұл корпорациялардың әрқайсысы кооперациялардың күшеюіне мүмкіндік беретін дамудың аймақтық институты болуы тиіс.

Қазақстанның аймақтық даму институтының өзіндік ерекшелігіне белгілі бір статус пен регламентке ие федералдық және жергілікті билікпен байланысы бар мамандандырылмаған агенттіктер жатпайды, оған аймақтық кәсіпорындардың жұмысын жандандыратын, үйлестіретін қандай да бір холдинг болып табылады. Қазақстанның аймақтық даму институтының холдингтік моделі 2 суретте сызба түрінде берілген [10].

Холдинг үлгісі ұлттық корпорацияның әкімшілік ресурсы ретінде әрекет етуіне икемді болып табылады, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестіктегі жеке бизнестің еншілес қатысушылары мен сенімді басқармалары көбіне кәсіпорындарға тәуелсіз болып есептеледі. Мұндай құрылым «Сарыарқа» ӘКК-де әрекет етеді, оған қазіргі кезде 10 еншілес кәсіпорындар, 12 тәуелсіз және 17 қауымдастық кәсіпорындар жатады [11].



Ескерту. Авторлар құрастырған.

2-сурет. ҚР әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының холдингтік моделі

Корпорациялардың холдингтік құрылымы мен мемлекеттің ӘКК қызметіне белсенді қатысуы қазақстандық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациядағы тәжірибенің әлемдік тәжірибеден жалғыз ғана айырмашылығы емес.

Тұжырымдамалардағы ӘКК-ның басымды мәселелері анықталды:

- энергетикалық және өндірушілік емес секторлардағы жаңа нарықтарды дамыту;
- саудалық маркалар мен интеллектуалдық меншік құқығы мен қорғалған тауарлардың өндірісіне жағдай жасау;
- фермерлік шаруашылықты дамыту;
- кәсіпкерлік өнімнің ішкі және сыртқы нарықтағы қозғалысы;
- кластерлерді құру және әрекет етуші кәсіпорындарды кластерлерге біріктіру, жер учаскелерін және инфрақұрылым объектілерін жүзеге асуына мүмкіндік жасау;
- инвестицияларды тарту және инновацияны енгізу;
- маркетингтік базаларды құру, шикізаттарды көтерме бағамен сатып алу арқылы өнімнің өзіндік құнын түсіру;
- өнімді өндіру мен соңғы өнімді жүзеге асырудың халықаралық стандарттарының қауіпсіздігі.

Атап өтетін жайт, ӘКК-ның шетелдік аналогтарында мәселелердің бағыттары басқаша анықталған. Шетелдік корпорацияларда негізгі бағыты жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға, тұрғындардың табысының жоғарлауына, жеке инвестициялау есебінен жаңа кәсіпорындарды құру барысында салықты базаларды кеңейтуге бағытталады. Жаңа және әрекет етуші бизнесті қолдау мен әрекет етуші бизнесті кеңейтуді ынталандыру, экономикалық дамуға мүмкіндік беретін бағдарламаларды енгізу, жұмысбастылық пен инвестициялау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жергілікті экономиканы құру мен жүзеге асыру әлеуметтік корпорациялардың негізгі бағыттары болып саналады [12].

Даму тұжырымдамасында көрсетілген ӘКК қызметінің негізгі әрекеттерін және соңғы бес жылдағы нәтижелерін талдай келе, қазіргі кезде ӘКК-нің негізгі қызметі негізінен аймақтағы бизнесті дамытуға жәрдемдесуге емес, қызмет етуші бизнеске бағытталғанын көреміз, ол өз кезегінде шетелдегі әлеуметтік корпорациялардың негізгі функциясы болып табылады. Сондай-ақ ӘКК-нің негізгі функцияларының бірі кластерлік бастамалардың жүзеге асырылуына негізделген. Кластерлік бастама шағын және орта бизнес сфераларын дамытуда мемлекеттік саясаттың негізі болуы тиіс. Мемлекеттегі кластерлік дамудың шешуші рөлі жеке бастамаларға, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен жергілікті атқарушы органдарға байланысты әрекет етеді. Бұл жағдай әрекет етуші бастамалардың аумақтық нышандары мен аймақтық жобалардың дамуына ӘКК бағыттарының арасындағы байланыс үлкен рөл атқарады. Кластерлік бастамалардың жүзеге асуы экспорттық «еңіске» (күшті бәсеке үшін тым аз немесе әлі ешкім жайғаспаған тауарлар мен қызметтер нарығы) шығу үшін шағын және орта компаниялардың бірігуінің есебінен жүргізілуі керек, бұл жерде аймақтар (немесе жақын орналасқан бірнеше аймақтар) потенциалдық және бәсекелестік артықшылыққа ие. ӘКК-ның негізгі тапсырмаларының бірі болып жобалардың жеке құрылымдармен бірге әрекет етуі жатады. Бірақ ӘКК-да серіктестікті таңдау құқығы әрекет етуші кәсіпорынға беріледі.

Қорытындылай келе, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мемлекеттік жеке серіктестіктің дамуында маңызды рөл ойнайтынын айтуға болады, ол ҚР Үкіметінің дербес әзірлемесі болып табылады, себебі берілген құрылымның аймақтық органдары әлемде кездеспейді. ӘКК-ның құзырына барлық аймақтың жер қойнауымен иелік ету құқығы берілген (Республикаға маңызы бар стратегиялардан басқа), сонымен қатар ӘКК-ның мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындары мен инфрақұрылым объектілері аймақтық экономиканың дамуында маңызды потенциалға ие болып саналады, сондай-ақ жеке бизнеспен тығыз өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады.

ӘКК-да қолданылатын құрылым (холдингтік құрылым) ӘКК-ға еншілес кәсіпорындарды немесе біріккен кәсіпорындарды құруға және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестицияларды қатыстыратын экономиканың нақты секторларына қатысуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, атап кететін жайт, ӘКК-ны құрудағы құжаттарда көрсетілген алға қойылған тапсырмалар (ӘКК-ның дамуының тұжырымдамасы) бағытынан әлдеқайда ерекшеленеді. Жалпы алғанда, егер де ӘКК-ның негізгі ерекшеліктері мен оның МЖС-дің рөлін жинақтасақ, онда ӘКК-ның қызметтері негізінен әрекет етуші бизнестің дамуына бағытталғанын көруге болады, ал жаңа субъектілерді құрудағы ынталандыру мен ӘКК қызметінің әлеуметтік аспектісі екінші дәрежелі ерекшелікке ие (мысалға, батыстық корпорациялардың негізгі тапсырмалары болып жаңа жұмыс орындарын құру, аймақтағы тұрғындардың табысын жоғарлату және т.б.).

МЖС механизмі мемлекет жауапкершілігінде әрекет ететін ұлттық сфераларындағы жобаларды жүзеге асыру үшін инвестицияларды тартудың бірден-бір маңызды құралы бола отырып, біріншіден, қосымша қызметтер үшін жаңа нишаларды ашса, екіншіден, жеке сектордың ресурсы мен интеллектуалдық потенциалын пайдалану үшін мүмкіндіктерді құрады. Ал қоғам болса, өз кезегінде жеделдетілген инфрақұрылымдық даму формасындағы «бонусқа» ие болады [13].

Біз «ҰК «ӘКК «Сарыарқа» АҚ Қарағанды облысындағы индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымының дамуындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асуына бағалау жүргізген едік. Аймақтың индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымының дамуы желілік (кластерлік) модельдердің дамуы негізінде жүзеге асырылады. Инновациялық-индустриалдық кластерлер моделінің жемісті қалыптасқан мысалы негізінде біздің жұмысымызда Қарағанды облысы территориясындағы «Индустриалдық парк «Металлургия-металондеу» ЖШС базасы бойынша «Металлургия-Металондеу-Машинақұрастыру» кластерінің жұмыстары қарастырылған (3-сур.).

Индустриалдық парктерді ұйымдастыру идеясы бірінші кезекте қазіргі заманғы қоймалар мен жаңа өндірістік күштерді қажет ететін шағын және орта өндірістік компанияларға бейімделген. Бұл мүмкіндіктерді біріктіру арқылы жалпы өндірістік ортаны құруға болады, сондай-ақ компанияларды бұрынғы зауыт пен фабрикалардың аумақтарында қызметтерді жүзеге асыру қажеттілігінен құтқарады, ол аумақтар бүгінгі күнгі талаптарға мүлдем сәйкес келмейді.

Потенциалдық инвесторға мемлекеттік ұйымдармен біріге отырып, мәселелерді шешу мен өндірістерді ұйымдастырумен байланысты барлық сұрақтар бойынша жан-жақты көмек көрсетілетін болады. Инвестор өндірісті өзі қаржыландырады, құрады және жүзеге асырады немесе «ҰК» ӘКК «Сарыарқа» АҚ бірге біріккен кәсіпорын құрады.


Индустриалдық парк инвесторға парк ішіндегі барлық талаптарға сәйкес келетін және қолайлы инфрақұрылымға ие жерді мезгілсіз жалға береді.

Қазіргі кезде көптеген қазақстандық кәсіпорындар бірінші кезекте экономиканың базалық салаларында жоғарғы инновациялық және өндірістік әлеуетті құрды. Сондықтан да олардың инновациялық әрекет ету стратегиясы бірінші кезекте индустриалдық-инновациялық кластердің қалыптасуындағы бірлескен немесе әртараптандырылған өсімге бағытталған. Қорытындылай келе, бұл жағдай әлемдік нарықтағы өнімге бәсекеге қабілетті өндірісті қамтамасыз етуге әсерін тигізеді, артынан отандық кәсіпорындардың тиімділігі мен оның одан әрі өсу потенциалына барлық жағдай жасалады.

Аймақтың индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымының дамуының келесі кезеңі бұл Индустриалдық парктің базасы негізінде еркін-экономикалық аймақты құру болып табылады. Қазақстан Республикасының Қарағанды облысында ЕЭА-ны құру еліміздегі тұрғындар жағдайын арттыру үшін басшылықпен қойылған стратегиялық мақсаттарға бағытталған. Бұл мақсаттарға келесілер жатады: аймақтар экономикасын әртараптандыру арқылы өндірістің шикізатқа бағытталуы, жоғарғы деңгейлі жаңа инновациялық өндірістерді құру, өндірілген өнімдердің экспортын арттыру, жұмыс орындарын құру, өнімділікті және тұрғындардың табысын арттыру, адами капитал сапасын арттыру және т.б.

Құрылған ЕЭА-ның негізгі жетістіктеріне келесілер жатады:

- тауарлық экспорттың өндірісі мен қозғалысын қамтамасыз ететін (өндірістік, ғылыми-өндірістік, сауда, тауарлық, транспорттық) заманауи инфрақұрылымдарды құру;
- ғылым мен техниканың дамуы үшін жағдай жасау, заманауи отандық және батыстық ғылыми зерттеулерді пайдалану, оларды өңдеу және қолданысқа енгізу, ноу-хау және технология, сондай-ақ экология сфералары;
- экспорттаушылар үшін сервистік қолдауды қамтамасыз ету;
- «жалғыз терезе» принципі бойынша ЕЭА қатысушылары үшін мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- экология мен табиғатты қорғаудың халықаралық талаптарын енгізу мен оларды сақтау;
- мемлекетте бай табиғи және минералды ресурстардың болуы;
- аймақтардың Орталық Азия мен Ресейдің ірі тұтынушылық нарықтарына қатысты географиялық тұрғыдан қолайлы орналасуы;
- Кедендік одақ пен басқа да мемлекеттер нарығына шығу мүмкіндігі;
- жалпы Қазақстан Республикасы мен Қарағанды облысының кейбір аймақтарындағы оңтайлы имидждің жүзеге асуы.



Ескерту. Авторлар құрастырған.

3-сурет. «Металлургия-Металөндеу-Машина құрастыру» моделінің индустриалдық-инновациялық кластері

ЕЭА-ны қалыптастыруда жетістікке жеткен мемлекеттердің бірі Қытай болып табылады. Бүгінгі күнде Қытай территориясында 6 ЕЭА, 60 мемлекеттік маңызға ие даму аймақтары, әр түрлі деңгейдегі жаңа және жоғарғы технологияларды игеретін 120-дан астам зоналар бар.

Қытайдағы ЕЭА-ның ерекше дамуының мысалы ретінде Қытайдағы алғашқы әрі арнайы экономикалық зона Шынжанды келтіруге болады, ол 1980 жылдың тамызында қабылданған «Гуандун провинциясындағы арнайы экономикалық зоналарды қадағалау» туралы заңы бойынша маңызды мәртебеге ие болды:

- 28 жыл ішінде кішкентай шекараға жақын балықпен айналысатын Шынжан ауылы заманауи қалаға айналды;
- он миллионнан астам тұрғыны бар;
- қаланың көлемі бастапқы 3 шаршы км қазіргі 700 шаршы км дейін өсті;
- ЖІӨ көлемі 179 млн юаннан 2007 ж. 670 млрд астам юанға дейін жетті.

Сонымен қатар Шынжан қаласы 10 жыл қатарынан Қытайдың ірі және шағын қалаларының ішінде импорт пен экспорттың жалпы көлемі бойынша бірінші орынға ие болып келе жатыр. 2007 жылғы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің көлемі Шынжан қаласында 10,628 мың АҚШ долл. жетті, ал Қытайдың басқа да қалаларының жан басына шаққандағы ЖІӨ 10 мың АҚШ долл. құрады [14].

Тұрғындардың орналасу тығыздығына байланысты Гуандун провинциясында Шынжан бірінші орынға шықты. Шынжан Қытайдың басқа да континенталдық қалаларының ішінде өнімнің экспорты мен импорты бойынша көш бастап келе жатыр. 10 жылдың ішінде бұл жердегі өндіріс көлемі 3 мың есе өсті. Тұрғындардың орналасу тығыздығы бойынша Шынжан Гуандун провинциясында бірінші орынға шықты. Жергілікті кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі орта есеппен көрші орналасқан мемлекеттік секторлық кәсіпорындарға қарағанда 3,3 есе, ал ҚХР-ның жалпы өндірісі бойынша 6,5 есе өсті. Шынжан мемлекеттегі өндіріс бағдарламасын қамтамасыз ететін үш негізгі базаның бірі болып табылады, дүние жүзіндегі сағат өндірісінің 25%-ын құрайды, жібек пен синтетикалық маталардан және былғары бұйымдардан тігілетін киімдерді, дәрі-дәрмектерді, медициналық құралдар мен жабдықтауларды дайындау мен экспорттауда көш бастайтын позициялардың бірін алады.

Бүгінгі күнде Шынжан Қытайдағы экономикасы ең жақсы дамыған қалалар қатарына кіреді.

Қала экономикасының демеу болатын салаларына жаңа және жоғарғы технологиялар индустриясы, заманауи логистика, банктік-қаржылық қызмет көрсету және мәдени индустрия және т.б. жатады.

Қытайлық ЕЭА-ның жеңілдік беретін инвестицияларымен қызмет ету тәжірибесі үлкен жетістіктерге алып келді. Қытайлық және шетелдік мамандар ЕЭА-ның жетістіктеріне бірінші кезекте экономикалық өсім қарқынының жоғарлығы мен тұрақтылығын, шетел инвестицияларын үлкен көлемде тартуды, еңбек өнімділігінің артуы және тұрғындардың өмір сүру деңгейінің өсуін жатқызды.

Осыған байланысты, ЕЭА-ны құру берілген аймақтағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды қолдайды немесе экономиканың басқа да салаларының дамуына негіз болатынын атап өткен дұрыс. Сондай-ақ ЕЭА тауарлық-экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік өсімнің полюстері болып есептеледі.

Қарағанды облыстарында ЕЭА-ны құру келесі қызметтердің жүзеге асуына мүмкіндік береді:

- өндірістің бәсекеқабілеттілігін жоғарлату;
- тікелей шетел инвестицияларын тарту;
- жоғары қосымша құндылығы бар өнімнің экспорттық потенциалын арттыру;
- импорттық өнімдерді сатып алудағы шығындарды азайту;
- жаңа өтпелі техника мен технологияларды пайдалана отырып, жаңа бұйымдар мен қызметтер өндірісін игеру;
- мемлекеттік, коммерциялық және шетел капиталдарын біріктіру мен оларды кешенді пайдалану;
- іскер, коммуналдық-шаруашылық, құқықтық және қаржылық инфрақұрылымдарды заманауи деңгейде дамыту;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- жалпы алғанда мемлекет пен оның аймақтарындағы экономиканың жедел дамуын қамтамасыз ету.

ЕЭА шетел капиталдарының түсімі, технологияларды, «ноу-хауды», жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жергілікті өндірушілерді шетелдік фирмалармен (өнімді

экспорттау жағдайында) тікелей бәсекелесте қорғайды, өндірістің импорттық қарыз алушының әрекет етуіне мүмкіндік береді (өндірілген өнімнің әрекеті ұлттық нарықта жүзеге асырылған жағдайда).

ЕЭА-ның стратегиялық мақсаты болып батыстың жаңа технологиялары мен жабдықтарын кең көлемде игеретін аймақтық экономика дамуының техникалық және технологиялық дамуының күрт жоғарлауы табылады.

Қарағанды қаласындағы ЕЭА-ды құру «Металлургия мен Металөңдейтін» Индустриалдық парк базасы негізінде қарастырылады, ол мемлекет үшін маңызды болып табылатын әлеуметтік-экономикалық тиімділігі бар маңызды көрсеткіштерге жетуге көмектеседі, сондай-ақ жеке инвесторлар үшін де қажетті қаржылық тиімділік көрсеткіштерін көрсетеді [15].

ЕЭА 25 жылға құрылады деп пайымдалады. ЕЭА әрекет етуінің құқықтық шарттары, салықтық және кедендік жеңілдіктер түрі мен соңғы процестерде туындайтын қоғамдық қатынастарды қадағалау, қызмет туралы келісімді атқару мен тоқтату, Қазақстан Республикасының Заңы мен кедендік одақтың келісім-шарттарымен анықталады.

ЕЭА-ны құруда тікелей пайда алатындарға келесілер жатады:

- бюджет табыстарының тікелей және жанама түрі бойынша және ЕЭА-ны құрудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жететін — мемлекет;
- ЕЭА бойынша жүзеге асырылатын, өз қызметінен табыс алатын және ЕЭА қатысушысы болып табылатын — инвесторлар;
- қызметтердің қосымша түрлерін жүзеге асыратын (жобалық, құрылыс және қаржылық ұйымдар мен жеке тұлғалар), жобаға қатысқаны үшін табысқа ие болатын шағын және орта бизнестің өкілдері;
- экономикалық белсенді халық, себебі ЕЭА бойынша 10 000-нан кем емес жұмыс орындарын құру жоспарлануда.

ЕЭА-ның құрылуы мен жүзеге асырылуы келесі кезендерді қамтиды:

- дайындық кезеңі: ЕЭА-ны құру және инженерлік инфрақұрылымды қалыптастыру;
- құру кезеңі: ЕЭА компоненттерін салу (объектілер);
- қызмет ету кезеңі: құрылысты аяқтау және ЕЭА-ның барлық компоненттерінің толыққанды әрекет етуі.

Қазіргі кезде қазақстандық ЕЭА территорияларында салықтық жеңілдіктер (корпоративтік табыс салығынан, жер салығы мен мүлікке салынатын салықтардан 100% босату) мен кедендік баж алымдарын төлеуден босату қарастырылған.

Инвесторларға салықтық және кедендік жеңілдіктерді көрсеткен соң өтелімділік мерзімі едәуір төмендейді. Мысал ретінде ферросиликаталюминий өндіретін компанияға қаржылық талдау жүргізілді, оның өтелімділік мерзімі 30 жылды құрады.

Салықтық және кедендік жеңілдіктер әсері берілген компанияның өтелімділік мерзімін 20 жылға дейін қысқартты.

Осыған байланысты ЕЭА территорияларында келесі салықтық жеңілдіктерді беруді ұсынамыз:

- корпоративтік табыс салығын төлеуден 100 % босату;
- жер салығын есептеу кезінде сәйкес ставкаларға 0-дік коэффициенттеу;
- мүлікке салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыздық ставка;
- шартта көрсетілгендей, жерді уақытша пайдаланудың (жалға алу) белгілі бір уақыт ішінде жер учаскелерін пайдаланатын төлемдерді есептеу кезінде, сәйкес ставкаларға 0 коэффициенті, жерді уақытша пайдалану (жалға алу) құқығы берілген күннен бастап 10 жылдан аспауы тиіс.

Осыған байланысты, ЕЭА-ны құру шикізат тыс экспорттық бейімдеушілік пен өндірістер үшін тікелей инвестицияларды тартуға жағдай жасайды, өңделген тауарлар экспортының қозғалыстары негізінде әлемдік сауда жүйесіне ықпалын тигізеді.

Қазақстанның орталық аймақтарында ЕЭА-ның әрекет етуі кезінде аралас салалардың дамуы арқасында мультипликативтік эффект құрылады. Инфрақұрылымға салынған әрбір 1 теңге үшін 9 теңгеге дейін инвестициялар тартылады. Көп жағдайда аймақтардағы экономиканың аралас салалары әрекет етеді, оған құрылыс секторлары, консалтингтік және қаржылық сектор, тау-кен өндірісі, энергетика, ірі кәсіпорындарға қызмет ететін шағын және орта бизнес жатады.

ЕЭА-ның инженерлік инфрақұрылымын құру барысында қолданылатын жаңа технологиялар жаңа тұрғындар пунктерін құруда мысал ретінде пайдаланылуы керек, оған сумен қамтамасыз етудің айналым жүйесі, жаңбыр ағындарын тазалау, пайдалы жылу энергияларын өндіру үшін кәсіпорыннан артылған қалдықтарды пайдалану және т.б. жатқызуға болады.

ЕЭА жұмыс қызметкерлері мен жұмыскерлердің инженерлік-техникалық квалификациясын арттыру арқылы адами капитал сапасын жақсартуда белгілі бір жұмыстарды жүзеге асыру қажет.

Мемлекет пен оның аймақтарының экономикасына ЕЭА-ның позитивтік әсері келесі аспектілерде көрсетілген:

- шетел инвесторлары ЕЭА кәсіпорындарына жаңа технологияларды, өндіріс процестеріне қажетті менеджмент пен кәсіпорынды басқарудың жаңа тәсілдерін үйретті;
- жергілікті жұмыс күштері қосымша еңбек дағдаларын үйренуде, әсіресе жаңа техникаларды игеру үрдістерінде;
- ЕЭА-ға инвестицияларды салатын компаниялар, оларға көрсетілген әр түрлі қызметтерге ақша төлейді;
- жергілікті тұрғындардың хал-ахуалының өсімі мен табыстар деңгейінің артуы көрінеді;
- жұмыспен қамтылған тұрғындар ішкі нарықтағы сұраныстың төлемқабілеттілігінің артуына жағдай жасайды, яғни жергілікті нарық қандай да бір дамуға ие болады;
- ЕЭА-ны құру аймақтағы кәсіпкерлік қызметті белсендіреді;
- ЕЭА әрекет етуші компанияларға маңызды бәсекелік артықшылықтарды береді [16].

Бұл территорияларда өндірілген өнімдердің бәсекеқабілеттілігі өндірістегі шығындардың төмендеуіне байланысты күшейе түседі, ол өз кезегінде шикізат пен материалдарды алу кезінде салық салудан толықтай босатылады, сондай-ақ жергілікті жұмыскерлерге еңбекақы төлеудегі шығынның төменділігімен айқындалады. ЕЭА-дағы жер мен инфрақұрылымдарды пайдаланудағы шығындар төмен деңгеймен ерекшеленеді [17].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына 17.01.2014 ж. Жолдауы «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». — Астана, 2014.
- 2 «Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалдық-инновациялық дамытудың II кезеңі»: Мемлекеттік бағдарлама // «Юрист» анықтама жүйесі. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 3 Шумпетер Й.А. Теория экономического развития: Исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры. — М.: Прогресс, 1982. — С. 58.
- 4 Лившиц В.И., Виленский П.А., Смоляк С.А. Теория и практика оценки инвестиционных проектов в условиях переходной экономики. — М.: Дело, 2000. — С. 27.
- 5 Каренов Р.С. Основы государственного регулирования экономики: учеб. пособие. — Алматы: Білім, 1998. — С. 248.
- 6 Оспанов М.Т., Мухамбетов Т.И. Иностраный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования. — Алматы: Факсинформ, 1997. — С. 9.
- 7 Бочаров В.В. Инвестиции. — СПб.: Питер, 2008. — 176 с.
- 8 Закон Республики Казахстан «Об инвестициях» / Утв. 8 января 2003 года. — [ЭР]. Режим доступа: www.online.zakon.kz
- 9 Нурланова Н.К. Формирование и использование инвестиций в экономике Казахстана: стратегия и механизм. — Алматы: Ғылым, 1998. — 240 с.
- 10 Сабден О.С., Хусаинов Б.Д. Национальная конкурентоспособность в условиях глобализации: Устойчивое развитие Казахстана в условиях глобализации: модели, стратегии, приоритеты и механизмы реализации. — Алматы, 2008. — Т. 1. — С. 11.
- 11 Казахстан за годы независимости: стат. сб. — Астана: Агентство РК по статистике, 2014. — 194 с.
- 12 ҚР Президентінің Жарлығы / «Қазақстан Республикасының 2003–2015 жылдардағы индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы» жөнінде: 2003 ж. бекітілген. — № 1096. — 17 мамыр. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 13 Барышева Г. Инвестиции в научно-производственный комплекс // Экономист. — 2001. — № 9. — С. 13.
- 14 Кучуков Р.А. Теория и практика государственного регулирования экономических и социальных процессов. — М.: Гардарики, 2004. — С. 32.
- 15 Таубаев А.А. Пути совершенствования государственной научно-технической политики на современном этапе: Республиканская науч.-практ. конф. «Роль науки и интеллектуальной собственности в реализации стратегии индустриально-инновационного развития страны на 2003–2015 годы». — Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2004.
- 16 Parris B. Pisky Development: Export concentration, Foreign Investment and Policy Conditionality // Word Vision Australia. — 2003. — P. 28.
- 17 Kojima K. Direct Foreign Investment. — London Croom: Helm, 1987. — 496 p.

Е.Д.Орынбасарова, Е.Т.Акбаев, Г.К.Мурзатаева

Механизмы государственно-частного партнерства активизации инвестиции

Рассмотрены главные задачи государственной инвестиционной политики, а также приоритетные направления и механизмы совершенствования системы управления инвестициями в Казахстане. Выделены базовые принципы государственно-частного партнерства. Особое внимание уделено перспективе и экономической эффективности современного мирового опыта государственно-частного партнерства. Проанализированы основные достоинства создания СЭЗ.

E.D.Orynbasarova, E.T.Akbaev, G.K.Murzataeva

Mechanisms of state-private partnership of activization of investment

In article the main tasks of the state investment policy are considered, is also noted and considered the priority directions and mechanisms of improvement of a control system of investments in Kazakhstan. The basic principles of public-private partnership are allocated. The special attention is paid to prospect and economic efficiency of modern world experience of public-private partnership. The main advantages of creation of FEZ are analysed.

References

- 1 *Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan*. 2014, January, 17. The Kazakhstan way – 2050: Uniform purpose, uniform interests, uniform future, Astana, 2014.
- 2 «The forced industrial and innovative development of RK II a stage»: a state program // «Lawyer» reference book. [ER]. Access mode: adilet.zan.kz
- 3 Shumpeter Y.A. *Theory of economic development: Research of enterprise profit, capital, credit, percent and cycle of an environment*, Moscow: Progress, 1982, p. 58.
- 4 Livshits V.I., Vilensky P.A., Smolyak S.A. *The theory and practice of an assessment of investment projects in the conditions of perekhdny economy*, Moscow: Delo, 2000, p. 27.
- 5 Karenov R.S. *Bases of state regulation of economy Electronic resource: studies. the grant / HAG of E.A. Buketov*, Almaty: Bilim, 1998, p. 248.
- 6 Ospanov M.T., Mukhambetov T.I. *Foreign capital and investments: questions of the theory, practice of attraction and use*, Almaty: Faksinform, 1997, 9 p.
- 7 Bocharov V.V. *Investments*, Saint Petersburg: Piter, 2008, 176 p.
- 8 Law of the Republic of Kazakhstan. «About investments»: Approved 2003, January, 8, [ER]. Access mode: www.online.zakon.kz
- 9 Nurlanova N.K. *Formation and use of investments in economy of Kazakhstan: strategy and mechanism*, Almaty: Gylym, 1998, 240 p.
- 10 Sabden O.S., Khusainov B.D. *National competitiveness in the conditions of globalization. — A sustainable development of Kazakhstan in the conditions of globalization: models, strategy, priorities and mechanisms of realization*, Almaty, 2008, 1, p. 11.
- 11 Kazakhstan for years of independence: statistical coll., Astana: RK agency statistically, 2014, 194 p.
- 12 Strategy of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2003–2015. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan 2003, May, 17, No. 1096, — [ER]. Access mode: www.adilet.zan.kz
- 13 Barysheva G. *Economist*, 2001, 9, p. 13.
- 14 Kuchukov R.A. *Theory and practice of state regulation of economic and social processes*, Moscow: Gardariki, 2004, p. 32.
- 15 Taubayev A.A. *Ways of improvement of the state scientific and technical policy at the present stage. Republican scientific-practical conference. «A role of science and intellectual property in realization of strategy of industrial and innovative development of the country for 2003–2015»*, Astana: L.N.Gumilyov ENU, 2004.
- 16 Parris B. *Word Vision Australia*, 2003, p. 28.
- 17 Kojima K. *Direct Foreign Investment*, London Croom: Helm, 1987, 496 p.